БЕКІТЕМІН
“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
меңгерушісі _____Ж.М Сапарбаева

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2024–2025 оқу жылына арналған ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2024–2025 оқу жылына арналған
ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары

№	**Тақырыбы**	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	**Ата-аналардың жалпы №1-жиналысы.** **Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағы» мектепке дейінгі ұйымның презентациясы. 1.«МДҰ-ның 2024-2025 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама. 3.Денсаулық сақтау жұмыстарын ұйымдастыру. 4.Балалардың тамақтануын ұйымдастыру. 5.Өзге мәселелер.	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике
2	**Ата-аналардың жалпы №2-жиналысы.** **Тақырыбы:** «Ақпараттық шолу парағы». 1.Өткен оқу жылында қол жеткізген табысымыз бен жетістіктеріміз (әр жас тобында). 2.Түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі. 3.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары.	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС

Ата-аналардың жалпы №1 жиналысының

Хаттамасы

Күні: 12. 09. 2024 жыл

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар: Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі, тәрбиешілер және ата-аналар.

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағы» мектепке дейінгі ұйымның презентациясы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «МДҰ-ның 2023–2024 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама.
2. Жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағымен таныстыру.
3. Денсаулық сақтау жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.
5. Өзге мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Мектепке дейінгі ұйым басшысы Ж.М Сапарбаева 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша баяндама жасады.

Баяндама барысында оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тәрбиеленушілердің жетістіктері, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары және ата-аналармен жүргізілген байланыс жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Өткен оқу жылында балалардың жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, әлеуметтік дағдыларын дамытуға және қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың жүзеге асырылғаны атап өтілді.

Қаулы:

1. 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысы назарға алынсын.
2. Алдағы оқу жылында білім беру және тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Балалардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағы таныстырылды.

Ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібі, оқу-тәрбие жұмысының бағыттары, педагогикалық ұжымның құрамы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылатын іс-әрекеттер, мерекелік іс-шаралар мен ата-аналармен бірлескен жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар ата-аналарға ұйымның ішкі тәртіп ережелері, балаларды балабақшаға уақытылы әкелу және алып кету, баланың киіміне қойылатын талаптар түсіндірілді.

Қаулы:

1. Жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағы ата-аналардың назарына ұсынылсын.
2. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның ішкі тәртіп ережелерін сақтасын.
3. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:

Медициналық қызметкер Н.Н Шушлебина денсаулық сақтау жұмыстарын ұйымдастыру туралы баяндады.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында жүргізілетін профилактикалық шаралар, таңертеңгілік қабылдау, дене шынықтыру жаттығулары, серуендеу, шынықтыру шаралары, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау жұмыстары түсіндірілді.

Ата-аналарға балалардың денсаулығында қандай да бір өзгерістер байқалған жағдайда тәрбиешіге немесе медициналық қызметкерге уақытылы хабарлау қажеттігі ескертілді. Ауру белгілері бар балаларды балабақшаға әкелмеу керектігі айтылды.

Қаулы:

1. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.
2. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қамтамасыз етілсін.
3. Ата-аналар балалардың денсаулық жағдайы туралы медициналық қызметкер мен тәрбиешілерге уақытылы хабарлап отырсын.

4-мәселе бойынша тыңдалды:

Балалардың тамақтануын ұйымдастыру мәселесі қаралды. Ата-аналарға балабақшадағы тамақтану тәртібі, күнделікті ас мәзірі, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтандыру талаптары және тағам сапасына қойылатын санитарлық талаптар түсіндірілді.

Балалардың дұрыс әрі құнарлы тамақтануы олардың денсаулығы мен дене дамуының маңызды бөлігі екендігі атап өтілді. Сонымен қатар балалардың тағамға қатысты аллергиясы немесе жеке тағамдық шектеулері болған жағдайда ата-аналар медициналық қызметкерге алдын ала хабарлауы қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Балалардың тамақтануы бекітілген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Тағам сапасы мен қауіпсіздігіне тұрақты бақылау жүргізілсін.
3. Ата-аналар баланың тағамға қатысты аллергиясы немесе ерекшеліктері туралы медициналық қызметкерге хабарласын.

5-мәселе бойынша тыңдалды:

Өзге мәселелер бойынша ата-аналарға балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін сақтау, түрлі тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысу мәселелері түсіндірілді.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, ұсыныстар мен пікірлер тыңдалды.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара байланыс тұрақты жүргізілсін.
2. Балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінсін.
3. Ата-аналар ұйымның қоғамдық және тәрбиелік іс-шараларына белсенді қатыссын.

ЖАЛПЫ ҚАУЛЫ:

1. Жиналыста қаралған мәселелер назарға алынсын.
2. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылсын.
3. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сапалы тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары бақылауда болсын.
4. Ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы ынтымақтастық жүйелі түрде жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы: _____ /Ж.М Сапарбаева/

Хатшы: _____ /Ж.К Шортанова/

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның 2023–2024 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы және жаңа оқу жылындағы міндеттері»

Ж.М Сапарбаева

2024-2025 оқу жылы

Құрметті ата-аналар, әріптестер!
Бүгінгі ата-аналардың жалпы жиналысына қош келдіңіздер!
Мектепке дейінгі ұйымның негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, сапалы тәрбие мен білім беру, сондай-ақ әр баланың жеке қабілеті мен қызығушылығын дамыту.
2023–2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның жұмысы бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Оқу-тәрбие процесінде балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріліп, олардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға басымдық берілді.

1. Оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

Өткен оқу жылында педагогтер балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Балалардың сөйлеу тілін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді.
Сонымен қатар балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, достыққа, жауапкершілікке, тазалыққа және отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінді.
Мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, танымдық ойындар, шығармашылық көрмелер мен түрлі сайыстар ұйымдастырылып, балалардың белсенділігі мен қызығушылығы арттырылды.

2. Балалардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Балалардың денсаулығын сақтау – мектепке дейінгі ұйым жұмысының маңызды бағыттарының бірі.
Осы бағытта таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру сабақтары, таза ауадағы серуендер, қимылды ойындар және шынықтыру шаралары ұйымдастырылды.
Сондай-ақ санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, бөлмелердің тазалығы мен желдетілуі, балалардың жеке бас гигиенасы дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.
Алдағы уақытта да балалардың денсаулығына ерекше назар аударып, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

3. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру

Балалардың дұрыс және сапалы тамақтануы – олардың денсаулығы мен қалыпты дамуының негізгі кепілі.
Мектепке дейінгі ұйымда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану тәртібі ұйымдастырылып, бекітілген ас мәзіріне сәйкес тағамдар ұсынылады.
Тамақ өнімдерінің сапасы, дайындалу технологиясы, сақтау мерзімі және санитарлық талаптардың орындалуы бақылауда ұсталады.
Ата-аналарға балалардың дұрыс тамақтану мәдениетін отбасында да қалыптастыру қажеттігін атап өткім келеді.

4. Ата-аналармен жүргізілген жұмыс

Баланың тәрбиесі мен дамуы – балабақша мен отбасының ортақ міндеті. Сондықтан педагогтер мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс өте маңызды.

Өткен оқу жылында ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, мерекелік іс-шаралар, ашық есік күндері және бірлескен тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылды.

Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріліп, балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты мәселелер бірлесе талқыланды.

Біз алдағы уақытта да ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтып, балалар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруды жалғастырамыз.

5. Жаңа оқу жылындағы негізгі міндеттер

Жаңа оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның алдында төмендегідей міндеттер тұр:

- Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау;
- Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру;
- Балалардың сөйлеу тілін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Денсаулық сақтау технологияларын тиімді пайдалану;
- Қауіпсіз және қолайлы дамытушы орта қалыптастыру;
- Балалардың бойында ұлттық құндылықтарды, адамгершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайту.

Қорытынды

Құрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ жауапкершілік. Балабақша мен отбасы бір бағытта жұмыс істегенде ғана бала бойында жақсы қасиеттер қалыптасып, жан-жақты дамуына мүмкіндік туады.

Сіздерді жаңа оқу жылында балабақшамен тығыз байланыста болып, өткізілетін іс-шараларға белсенді қатысуға шақырамыз.

Біздің ортақ мақсатымыз – дені сау, білімге құштар, тәрбиелі, өзіне сенімді, бақытты балалар тәрбиелеу.

Балаларымыздың күлкісі ортаймасын, дендері сау, болашақтары жарқын болсын!

Назарларыңызға рақмет!

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
Ата-аналардың жалпы №2 жиналысының
Хаттамасы

Күні: 12.05. 2025 жыл
Өткізілген орны:АКТ зала
Қатысқандар: Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі, педагогтер және ата-аналар.

Тақырыбы: «Ақпараттық шолу парағы».
КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен оқу жылында қол жеткізген табыстар мен жетістіктер (әр жас тобы бойынша).
2. Түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Мектепке дейінгі ұйым басшысы Ж.М Сапарбаева өткен оқу жылында әр жас тобында қол жеткізген табыстар мен жетістіктер туралы баяндады.
Баяндама барысында әр жас тобы бойынша оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес меңгерген дағдылары, танымдық, шығармашылық, тілдік және әлеуметтік-эмоционалдық даму көрсеткіштері туралы ақпарат берілді.
Сонымен қатар жыл бойы өткізілген мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, байқаулар, көрмелер, спорттық жарыстар мен түрлі тәрбиелік шараларға балалардың белсенді қатысқаны атап өтілді.
Педагогтер балалардың жеке қабілеттерін дамытуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға және өз бетінше әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізгені айтылды.
Қаулы:

1. Өткен оқу жылындағы әр жас тобының жетістіктері мен нәтижелері назарға алынсын.
2. Балалардың қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғастырылсын.
3. Балалардың жетістіктерін қолдау мақсатында ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысы жандандырылсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Педагог-психолог және түзету-дамыту жұмыстарын жүргізетін мамандар Г.И Шамилова түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі туралы ақпарат берді.
Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген түзету-дамыту сабақтарының нәтижелері айтылды. Жұмыс барысында балалардың сөйлеу тілін дамыту, танымдық қабілеттерін жетілдіру, ұсақ және жалпы моторикасын дамыту, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілгені баяндалды.
Балалармен жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылып, олардың дамуындағы оң өзгерістер мен жетістіктер атап өтілді.

Ата-аналарға баланың дамуындағы ерекшеліктерді ескеріп, мамандардың ұсыныстарын үй жағдайында да орындау қажеттігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес жеке қолдау жұмыстары жүргізілсін.
3. Ата-аналар мамандардың ұсыныстарын ескеріп, балалармен үй жағдайында дамыту жұмыстарын жүргізсін.
4. Педагогтер мен ата-аналар арасындағы өзара байланыс нығайтылсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:

Мектепке дейінгі ұйым басшысыЖ.М Сапарбаева жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттарымен таныстырды.

Жазғы сауықтыру кезеңінің негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, дене белсенділігін арттыру, таза ауада демалуын ұйымдастыру және қауіпсіз жазғы демалыс жағдайын қамтамасыз ету екендігі айтылды.

Жаз мезгілінде төмендегідей жұмыстарды ұйымдастыру жоспарланғаны баяндалды:

- Таза ауада серуендеу және қимылды ойындар ұйымдастыру;
- Таңертеңгілік жаттығулар мен спорттық іс-шаралар өткізу;
- Шынықтыру және сауықтыру шараларын жүргізу;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар мен байқаулар өткізу;
- Табиғат аясында бақылау, зерттеу және танымдық жұмыстар ұйымдастыру;
- Балалардың жеке бас гигиенасын сақтау дағдыларын қалыптастыру;
- Күн өту, жарақаттану және басқа да жазғы қауіптердің алдын алу;
- Ішкі және сыртқы қауіпсіздік талаптарын сақтау.

Ата-аналарға жаз мезгілінде балалардың күн тәртібін сақтау, бас киім кигізу, күннен қорғайтын шараларды қолдану, жеткілікті мөлшерде су ішуін қадағалау және қауіпсіздік ережелерін үйрету қажеттігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары негізінде жұмыстар жүйелі ұйымдастырылсын.
2. Балалардың денсаулығын нығайту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.
3. Серуендеу, қимылды ойындар және шынықтыру шаралары жас ерекшеліктеріне сәйкес өткізілсін.
4. Ата-аналарға жазғы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілсін.
5. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық жалғастырылсын.

ЖАЛПЫ ҚАУЛЫ:

1. Өткен оқу жылындағы жетістіктер мен атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

3. Жазғы сауықтыру кезеңінің іс-шаралары бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылсын.
4. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау басты назарда болсын.
5. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйыммен бірлесе отырып, балалардың жан-жақты дамуына қолдау көрсетсін.



Жиналыс төрағасы: _____ /Ж.М Сапарбаева/



Хатшы: _____ /Ж.К Шортанова/

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша” ЖШС

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Ақпараттық шолу парағы. Өткен оқу жылындағы жетістіктер, түзету-дамыту жұмыстары және жазғы сауықтыру кезеңінің міндеттері»

Ж.М Сапарбаева

2024-2025 оқу жылы

Құрметті ата-аналар, әріптестер!
Бүгінгі жалпы ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер!
Мектепке дейінгі ұйымның басты міндеті – балалардың денсаулығын сақтау, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, сапалы тәрбие мен білім беру және әр баланың жеке қабілетін ашуға мүмкіндік туғызу.
Бүгінгі жиналыста өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, әр жас тобындағы балалардың жетістіктері, түзету-дамыту жұмыстарының нәтижелері және алдағы жазғы сауықтыру кезеңінің негізгі бағыттары туралы ақпарат бергім келеді.

1. Өткен оқу жылында қол жеткізген табыстарымыз бен жетістіктеріміз (әр жас тобы бойынша)

2024–2025 оқу жылы барысында мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие жұмыстары бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Педагогтер балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың танымдық, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық және физикалық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар атқарды.
Әр жас тобы бойынша балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес нәтижелерге қол жеткізілді.
Ортаңғы топ бойынша балалардың танымдық қабілеттері, байланыстырып сөйлеу дағдылары, қарапайым математикалық түсініктері және шығармашылық қабілеттері дамытылды. Қоршаған орта туралы түсініктері кеңейіп, топпен жұмыс жасау, өз ойын жеткізу, бір-бірін тыңдау дағдылары қалыптасты.
Ересек топ бойынша балалардың мектепке дейінгі даярлығының маңызды дағдыларын қалыптастыруға басымдық берілді. Сөйлеу мәдениетін дамыту, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, математикалық қарапайым ұғымдарды меңгерту, логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру жұмыстары жүргізілді.
Мектепалды даярлық тобы бойынша балалардың мектепке дайындығын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды. Балалардың сауат ашу негіздері, қарапайым математикалық түсініктері, байланыстырып сөйлеуі, өздігінен тапсырма орындауы және ұжыммен жұмыс жасау дағдылары жетілдірілді.
Оқу жылы барысында әртүрлі мерекелік ертеңгіліктер, спорттық жарыстар, танымдық сайыстар, шығармашылық көрмелер мен ашық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар өздерінің өнерлерін көрсетіп, белсенділіктерімен ерекшеленді.
Осы жетістіктерге қол жеткізуде педагогтердің еңбегімен қатар ата-аналардың да қолдауы ерекше орын алады. Барша ата-аналарға белсенді қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

2. Түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі

Мектепке дейінгі ұйымдағы маңызды бағыттардың бірі – балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

Бұл бағытта педагог-психолог, логопед және басқа да тиісті мамандар балалардың қажеттіліктеріне сәйкес жұмыстар жүргізеді.
Түзету-дамыту жұмыстарының негізгі мақсаты – балалардың сөйлеу тілін, танымдық қабілеттерін, зейінін, есте сақтауын, ойлауын, ұсақ және жалпы моторикасын дамыту, әлеуметтік ортаға бейімделуіне қолдау көрсету.
Жыл бойы балалармен жеке және топтық сабақтар, дамыту ойындары, жаттығулар мен түрлі тапсырмалар ұйымдастырылды.
Жұмыстар барысында балалардың:

- Сөздік қоры мен сөйлеу белсенділігін арттыру;
- Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру;
- Зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту;
- Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру;
- Қарым-қатынас жасау және өз ойын жеткізу қабілетін дамыту;
- Өзіне деген сенімділігін арттыру бағыттарына көңіл бөлінді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оң өзгерістер байқалды. Әр баланың даму қарқыны әртүрлі болғандықтан, түзету-дамыту жұмыстары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.
Осы орайда ата-аналарға айтарымыз: баланың дамуында қандай да бір ерекшелік байқалса, мамандармен бірлесе жұмыс жасау өте маңызды. Үй жағдайында да мамандардың берген тапсырмалары мен ұсыныстарын орындау баланың дамуына оң ықпал етеді.

3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары

Құрметті ата-аналар!
Жазғы сауықтыру кезеңі – балалардың денсаулығын нығайтуға, таза ауада көбірек болуына, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға және қызықты уақыт өткізуіне мүмкіндік беретін ерекше кезең.
Жазғы сауықтыру жұмыстарының басты мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз демалысын ұйымдастыру, табиғатпен таныстыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Жазғы кезеңде төмендегідей жұмыстарға басымдық беріледі:
Біріншіден, денсаулықты нығайту.

- Таңертеңгілік жаттығулар өткізу;
- Таза ауада серуендеу;
- Қимылды және спорттық ойындар ұйымдастыру;
- Жас ерекшеліктеріне сәйкес шынықтыру шараларын жүргізу;
- Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Екіншіден, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Балалармен табиғатты бақылау, гүлдер мен өсімдіктерді күту, құм және сумен ойындар, сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, түрлі шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылады.
Үшіншіден, қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді. Күннің ыстық уақытында ұзақ серуендеуге жол бермеу, бас киім кию, жеткілікті мөлшерде су ішу, жолда жүру ережелерін сақтау және су айдындарының

маңында қауіпсіздік талаптарын орындау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Төртіншіден, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Балаларға қолды дұрыс жуу, жеке бас тазалығын сақтау, тамақтану мәдениеті мен күн тәртібін сақтау дағдылары үйретіледі.

Құрметті ата-аналар, жазғы сауықтыру кезеңінде сіздердің де қолдауларыңыз өте маңызды. Балалардың күнделікті киіміне, бас киіміне, жеке гигиеналық заттарына көңіл бөліп, денсаулығында өзгерістер байқалған жағдайда тәрбиешіге уақытылы хабарлауларыңызды сұраймыз.

Қорытынды

Құрметті ата-аналар!

Өткен оқу жылы біз үшін ізденіске, еңбекке және жақсы нәтижелерге толы жыл болды. Балалардың әрбір кішкентай жетістігі – педагог пен ата-ананың бірлескен еңбегінің жемісі.

Бала тәрбиесі тек балабақшаның немесе тек отбасының міндеті емес. Бұл – ортақ жауапкершілік пен бірлескен жұмысты қажет ететін маңызды міндет.

Алдағы уақытта да балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, балаларымыздың дені сау, білімді, тәрбиелі, бақытты болып өсуіне бірге үлес қосайық!

Баршаңызға бала тәрбиесіндегі қолдауларыңыз бен сенімдеріңіз үшін алғыс айтамыз!

Жазғы демалыс кезеңі балаларымыз үшін қызықты, қуанышты, қауіпсіз әрі пайдалы өтсін!

Назарларыңызға рақмет!